

2012 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 16 сәуірдегі № 91 қаулысы. Қостанай облысы Алтынсарин ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 14 мамырда № 9-5-144 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 20-бабына сәйкес Алтынсарин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2012 жылға арналған ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлем мен нақты жағдайлары бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарда жұмыспен қамтылған жұмыссыздардың еңбек ақысы аудандық бюджет қаражаттары есебінен айына ең төменгі айлық жалақының бір жарым мөлшерінде бекітілсін.

3. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру "Алтынсарин ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі және ұйымдар арасындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес жасалған қоғамдық жұмыстарды орындауға арналған шартта көрсетілген талаптары негізінде қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес жүргізілсін.

4. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік салық, шартпен белгіленген мөлшерінде жалақыны есептеу және төлеу жөніндегі екінші деңгейдегі банктердің қызметіне комиссиялық сыйақы төлеуге арналған шығындар аудандық бюджеттен өтелсін және жұмыс берушілердің есеп айырысу шоттарына аударылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.С. Қазыбаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Ахметов

Әкімдіктің

2012 жылғы 16 сәуірдегі

№ 91 қаулысымен бекітілген

2012 жылға арналған ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлем мен нақты жағдайлары

Ұйымның атауы	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Қоғамдық жұмыстардың көлемдері	Қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары
	<p>1. Қызметкердің алдына ала кәсіби даярлықтан өтуін талап етпейтін (қоршауларды сырлау және жөндеуге, елді мекендер пунктерін жинауға) көмек:</p> <p>1) барлық селолар аумағын күн сайын қоқыстар мен арамшөптерден жинау;</p> <p>2) барлық селолардағы қоқыстарды көлік құралдарына арттыру;</p> <p>3) Танабай, Докучаев, Лермонтов, Красный Кордон, Свердловка, Новоалексеев, Силантьев, Первомай, Приозерный, Большой Чураков, Обаған селоларындағы көше қоршауларын жөндеуге көмектесу;</p> <p>4) Танабай, Докучаев, Лермонтов, Красный Кордон, Свердловка, Новоалексеев, Первомай, Приозерный, Щербаков, Обаған селоларындағы қоршауларды сырлауға көмектесу;</p> <p>5) Докучаев, Красный Кордон, Новоалексеев, Первомай, Приозерный, Большой Чураков, Щербаков, Свердловка, Силантьев, Обаған селоларында жол мандарындағы және саябақтардағы шөптерді шабу.</p> <p>2. Қызметкердің алдына ала кәсіби даярлықтан өтуін талап етпейтін (елді мекендерді көгалдандыру мен абаттандыруға) көмек:</p>	<p>6390000 шаршы метр</p> <p>310 тонна</p> <p>11344 кума метр</p> <p>10480 шаршы метр</p> <p>58600 шаршы метр</p>	<p>1) жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауға тиіс;</p> <p>2) заңнамаға сәйкес еңбек жағдайлары мен қорғауды қамтамасыз ету, қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау жүргізу;</p> <p>3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша</p>

"Көмек-Алтын" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	1) барлық селоларда топырақты гүлзарлар мен гүл бактар үшін ж ы р т у ;	7 5 3 0 шаршы метр	әлеуметтік жәрдемақы төлеуді қамтамасыз ету;
	2) Танабай, Докучаев, Лермонтов, Красный Кордон, Свердловка, Новоалексеев, Первомай, Обаған, Силантьев, Большой Чураков, Приозерный селоларында ағаштардағы кұрғақ бұтақтарды кесу және оларды жинау;	8,4 тонна	4) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексiне сәйкес жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы барлық еңбек қатынастарын сақтау;
	3) барлық селоларда жас көшеттерді отырғызу және күнделікті күту;	3 7 6 0 дана	5) зейнетақымен қамсыздандыру және
	4) барлық селолардағы жиектегі тастарды шөптерден, қоқыстардан тазарту, жиектерді, шарбақтарды ақтау;	1 6 1 3 9 шаршы метр	
	5) барлық селолардағы ағаштарды, бағандарды а қ т а у ;	6 3 3 5 шаршы метр	
	6) гүлзарларды бөлу және гүлдерді отырғызу (күн сайынғы кү ті м) ;	106 дана	
	7) барлық селолардағы ескерткіштерді,obeliskтерді ақтау, сырлау және айналасындағы аумақты ж и н а у ;	3 6 4 шаршы метр	
	8) Докучаев, Лермонтов, Красный Кордон, Свердловка, Новоалексеев, Силантьев, Первомай, Приозерный, Щербаков, Обаған селоларындағы автобус аялдамаларын ақтау, інішара сырлау және айналасындағы аумақты жинау.	23 дана	
	3. Қызметкердің алдына кәсіби даярлықтан өтуін талап етпейтін кө м е к :		
	1) Докучаев,		

Лермонтов, Кордон, Новоалексеев, Силантьев, Приозерный, Чураков, селоларында колонкалар, құбырлар маңындағы аумақтарының қоқыстардан, шөптерден 2) құдықтар колонкалардың айналасына төсеу және нығыздау.	Красный Свердловка, Первомай, Большой Щербаков су кұдықтары маңын тазарту; мен топырақ	117	дана	сақтандыру заңнаманы сақтау.	туралы
		40,7 тонна			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК